

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» ММ



Республика Казахстан
ГУ «Управления образования
Актюбинской области
отдел образования
Айтекебийского района»

Т.Жүргенов к-сі №73, тел: 21-5-35, 21-6-80 факс: 22-5-40,
aitekebioo@yandex.kz

2023 жылғы «24» 04
Т.Жүргенов ауылы

№242

«24» 04 2023 года
с. Т. Жүргенова

2022 – 2023 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10
сәуірдегі №88 бұйрығына және Ақтөбе облысының білім басқармасының
2023 жылғы 18 сәуірдегі №173 бұйрығына сәйкес меншік нысанына және
ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында
2022 – 2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім
бөлімі» ММ – не бағынысты білім беру ұйымдары басшыларына:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына
қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31
мамырда аяқталсын.

2) 9 – сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары
2023 жылғы 2 – 13 маусым аралығында өткізілсін.

3) 11 – сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру
емтихандары 2023 жылғы 5 – 19 маусым аралығында өткізілсін.

4) Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес уақытылы
өткізілсін.

9 сынып оқушылары үшін:

1) қазақ/орыс/ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша
емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін
– жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау
жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша
жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды
орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті
бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша
тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;